# ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ

**Қазақстанды бүгінде барша әлем таниды. Оның үстіне Қазақ елінде Ұлт Көшбасшысы өркениет әлемінде өміршеңдік бағытты ұстанып, адамзат дамуының қалыптасуына зор үлес қосып келе жатқан тұлға. Елбасының халықаралық қауымдастықта беделі биік, құрметі асқақ. Сол себепті де Нұрсұлтан Назарбаевтың басқан әр қадамы саясаттанушылар мен сарапшылар және оның ізбасарларының ұдайы назарында.**

Елбасы – мемлекет құрған саяси тұлға. Мұндай саясаткерлер әлемде аз кездеседі. Бұл тұрғыда оны Ататүрікпен салыстыруға болады. Елбасы Астана салды. Мұның маңызы зор. Елбасы Қазақ елінің айналасындағы, оның ішінде әсіресе, Қытай мен Ресей сияқты ұлы мемлекеттермен шекараны анықтады. Бұл – керемет табыс. Мұнда Елбасының қызметі мен талантының рөлі зор. Ең бастысы, Президентіміз халықаралық қоғамдастыққа Қазақстан мемлекетінің беделін адам сенгісіз дәрежеге көтерді. Мұның барлығы – Елбасының ерен еңбегі арқасында болып жатқан істер. Қазақстан әлем тарихына ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан бірінші ел болып енді. Сөйтіп, әлемдегі ядролық қарусыздану дәуірінің есігін алғаш рет ашты. Дүние жүзіндегі бір ғана мемлекет – Қазақстан,бір ғана саяси қайраткер – Нұрсұлтан Назарбаев мұндай шешімге бара білді.

Қазақстан халқы киын-



қатты ұстаған еліміздің басшысы бұрынғы одақтас республикалар арасындағы, әсіресе Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық, тауар айналымы және басқа экономикалық қарым-

керегендігін оның киелі Ұлытау жерінде тек Қазақстанның тағдырын емес, дүние жүзі мемлекеттерінің тағдырын ойлап, жоспарлауынан көруге болады.

Елбасымыздың көптеген

тұрақтылық орын алды, өнеркәсіп жанданып, қаржы -бюджет, салық жүйесі құрылды, жекешелендіру жүргізілді, зейнетақы жинақтау жүйесі дүниеге келді. 1995 жылы тамыз

Қазақстан халықаралық ынтымақтастық тұжырымдамасын қалыптастырды.

Назарбаев ТМД, Кеден одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразия одағы сияқты халықаралық құрылымдарды дүниеге әкелудің бастамашысы. Назарбаев көбінесе мәдениеттердің, өкениеттердің дамуына көп көңіл бөлді.

Елбасымыздың бастамасымен көптеген оқу орындары ашылды. Олар: Еуразия ұлттық мемлекеттік заң университеті, Назарбаев университеті, лицейлер мен колледждері. Президенттік «Болашақ» бағдарламасы іске асуда, ол бойынша жастар дүние жүзінің ірі оқу орындарда білім алып жатыр. Аса талантты балалар үшін президенттік «Дарын» сыйлығы тағайындалған.

Назарбаев – Қазақстанның ең жоғары ерекшелік белгісі «Алтын қыран» орденімен, сонымен қатар көптеген елдердің жоғары наградаларымен марапатталған.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекетті басқару кезіндегі жүргізіп келе жатқан саясаты өзге мемлекеттерге қарағанда сапалы және тиімді.

Осы күнге жетіп отыр-

Қазір Қазақстан халқының саны 18 миллионға жетті. Басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынастарын жақсарта түсті. Елді басқарып, халықтың құрметіне ие болды. Қазақстан дамыған елдер қатарына кірді. Осындай елде өмір сүру арман емес пе?!

Әр адам өз туған жерін құрметтеуі және сүюі керек. Себебі, адам баласы туған жерсіз, Отансыз өмір сүре алмайды. Әр адамның тұрақты үйі, мекені болуы қажет. Сонда ғана адам бақытты өмір сүре алады.

Президентіміз Қазақстан елордасын Астанаға көшірді. Біздің қазіргі елордамыз туралы үлкен мақтанышпен айта аламыз. Астана – мәдениеті мен экономикалық жағынан дамыған, білім мен ғылымның орталығына айналған өте әдемі, үлкен қала. Қазақстанның басқа қалалары да Астанадан қалмайды. Барлығы дамыған қалалар.

Отансүйгіш азамат ретінде президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевты үлгі ретінде алсақ болады. Қазақ тілінің дамуына үлкен назар аударған Елбасымыз болған. Ресей қол астында болып, қазақ халқы бірте-бірте өз тілінен айрыла бастаған еді. Ал қазіргі кезде президентіміздің арқасында халықтың көбісі өз ана тілінде емін-еркін сөйлейді. Біздің ойымызша, бұл өте маңызды іс. Өйткені өз ана тілі – қазақ тілін білмейтін адам қалайша өзін қазақпын деп жариялай алады. Президентіміз жастайынан жақсы оқыған. Н.Назарбаев жай отбасында туып, металлургия зауытында жұмыс істеген. Одан кейін

жолы» деген ұғым орнығып отыр. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды тек аймақ көлемінде емес, жаһандық көлемде де күшті мемлекетке айналдырды. Расында да, көш басында отырған тұңғыш Елбасы біреу, ал елі оған тіреу болып келеді. Сондықтан да Президент билік тізгінін ұстаған әлемдік әділетті ұлы тұлғалардың қатарынан орын алады.

Н.Ә.Назарбаев ұлттың тәлім бесігінде тербелген дәстүр-салтын меңгерген, халқының табиғатына сай мінезбен тамырланған кісілігі мен кішілігі үндескен елжанды азамат. Көкірегі – білім қайнары, санасы – саясат бағдары Назарбаев – әлемді мойындатқан кемеңгер саясаткер.

Қазақ елінің тәуелсіздігінің тағдырын, барлық ауыртпашылығы мен ұлт болашағын өз жауапкершілігіне алған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз халқының талабына сай қызмет етіп, аз ғана уақыт ішінде Қазақстан мемлекетінің абыройын әлем алдына асқақтатты.

Ел тағдыры сынға түскен осы бір қилы заманда Елбасындай дана, көреген адам ел тізгінін қолына алмаған болса, қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның тарихы мүлде басқаша болуы да ғажап емес еді. Аюдай айбатты Ресеймен, айдаһардай айбарлы Қытаймен, басқа да елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас орнату, мемлекетіміздің мәртебесін бүкіл дүние жүзіне мойындату ата бабаларымыздан бері армандап келе жатқан ұлы мұратымыз болса, сол мұратымызға жеткізген – Н.Ә.Назарбаев.

«Бөлінгенді бөрі жейді» дейтін халықтық қағиданы Назарбаев бәсекеге қабілеттіліктің, көркеюдің озық тұжырымдамаларын дүниеге әкелді. Оның тұжырымдамаларының басты ерекшелігі – қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылық, нарықтық экономика, әлеуметтік әділеттілік және заң үстемдігі негізінде ел егемендігін нығайту. Қазақстанда Н.Назарбаев басшылығымен мемлекеттік басқарудың барлық салаларында түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылды. Елбасы тәуекелге бел буды. Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті нығайтудағы маңызды бағыт-бағдары, оның интеграцияны тереңдетудегі бастамалары, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында табысты жүзеге асырылды, әлі де жалғасын табуда. Мұның бәрі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "2030 жылы Қазақстан елі Азия барысына айналады" деген стратегиялық жоспарының арқасы.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі біздің еліміздің интеграция жолындағы маңызды қадамы болды.

Елбасы Ұлытау төңірегіндегі сұхбатында ел экономикасына қатысты өте маңызды жайттарды қозғай келе: «Экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді», -деп ел экономикасы тұрақты даму жолына түскеннен кейін Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын ұсынды. Елбасымыздың кемел «Ғасырлар тоғысында» және т.б. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының сөзін Елбасымыз жазғанын ұмытпаған жөн. Нұрсұлтан Назарбаев есімін әртүрлі нысандарға беру туралы ұсыныстар жиі түсіп жатыр. Алайда, Елбасы барлық



ұсыныстарға келісімін берген жоқ. Өз есімін білім және ғылыммен байланыстыруды дұрыс санаған Н.Назарбаев өз атындағы университет пен зияткерлік мектептердің ашылуына келісімін берді. Аталған білім беру орталықтарын өз балқылауында ұстауға тырысады. Назарабаев атындағы білім беру мекемелері Назарбаев қоры мен Назарбаев орталығының үйлестіруімен жүзеге асырылды.

Н.Назарбаев президент болған жылдар ішінде көптеген жетістіктерге жетіп, қазақ елінің ішкі-сыртқы саясатын, экономикасын едәуір көтерді. Тіпті макроэкономикалық

Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиясы мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындады. Назарбаевтың экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықаралық қаржы институттары мен қарқынды экономикалық ынтымақтасуға игі ықпал етті. Республикамызда ауылдарды, шағын қалаларды дамытуға, тұрғын үй құрылысын дамытуға, егер де бір кәсіп ашамын десең, белгілі бір теңгеден несие беріліп, ал мамандық иесі боламын десең, белгілі мерзімде оқуға жіберуге және тағы сондайларға бағытталған ірі әлеуметтік бағдарламалар іске асырылуда. Елбасымыздың осылайша мемлекетті басқаруының арасында дүниежүзілік сарапшылар арасында «Қазақстандық үлгі» термині пайда болды.

Қысқа ғана мерзім ішінде үлкен дәрежеге жеткен есімі тарихта мәңгі қалады. Елбасымыз не жасаса да, біздің игілігіміз бен жарқын болашағымыз үшін жасайды. Еліміз өте тез дамып келеді. Біздің Елбасымыз дүниедегі ең керемет Елбасы. Олай ойлауымыздың себебі, Президент рөлінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің бар жан-тәнімен қазақ халқын тек алға бастады. Елді бірлікке шақырды. Қазақ тілінің мәртебесін асырды. Қазақстанның жас азаматтары үшін қазақ тіліндегі балабақшалар, мектептер, спорт кешендерін және т.б. оқу орындарын ашты. Қазақстан тарихы, мәдениеті, әдеби шығармалары, өзінің ақын-ғалымдарымен, әлемдегі алып жатқан жерлерімен дүниеге танымал. Біздің кең байтақ әдемі жеріміздей жер бұл дүниеде жоқ шығар.

Н.Назарбаев әрбір отбасына бейбіт өмір сыйлады. Халықтың денсаулығын ойлап, көптеген көмек жобаларын, тегін ауруханаларды ашқызды. Халықтың санын көбейтті. есесін қайтарып, қабырғалы, берік ел етіп, осыншама құдіретті жасап беріп отырған – Елбасының кемеңгерлігі. Егер елімізді президентіміз Н.Назарбаевтай президенттер басқарса, біздің еліміз мәңгі тәуелсіз болып қала береді. Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды, өлгеніміз қайта тірілді, ата-баба дәстүрі көш түзеді, халқымыз еңсесін тіктеп, жарқын болашаққа қол созды. Содан бері 30 жылдан асты. Қазіргі Қазақстан туралы айтатын болсақ, көкірегін мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктері, асқан асулары мен бағындырған жаңа белестері бар. Қазір еліміз даму үстінде. Еліміздің дамуына әрбір отансүйгіш азамат теңізге тамған тамшыдай болса да өз үлесін қосуы керек деп ойлаймыз.

Қазақстан – біздің туған жеріміз. Кім де кім бізден Қазақстан туралы сұрап қалса, біз оған жүрегімізден шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен түсінікті етіп айта аламыз. Сондықтан Н.Назарбаевтай сара саясаткердің, ұлт президентінің ерлікке толы ғұмырын кейінгі толқынға кеңінен ұқтырып, Шымкент қаласында да елін сүйген Елбасыны жастарға таныту шараларын жалғастыра беру керекпіз.

Қазақстан Республикасының дамуына үлкен үлес қосқан қазақ елінің Тұңғыш Президентіне алғысымыз шексіз.

**Р.ҚАЛДЫБАЕВ,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың доценті, т.ғ.к.,**
**И.БАЙСЕИТОВА,**
**магистр, аға оқытушы.**